

"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ

Күні: 28.11.2025 жыл

уақыты: 09⁰⁰

Отырысқа емхана ұжымы қатысты. Ақпараттандыру мәжіліс залында баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі:

««Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Талдықорған қалалық емханасы» директорының м.а. 23 қазандағы 2025 жылғы №283-Н бұйрығымен бекітілген «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының ережелерін түсіндіру».

Негіздеме: жоспарлы.

Баяндама жасаған:

Комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Баяндамадан үзінді:



Күн тәртібінде белгіленген «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Кәсіпорынның 23 қазандағы 2025 жылғы №283-Н бұйрығымен бекітілгені аталып өтті.

Жиынға қатысушылар аталған Стандарттың бөлімдерімен таныстырылды.

Соның ішінде келесі ережелеге тоқталды.

Осы Стандарт Кәсіпорын үшін әзірленген және ол Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға, сондай-ақ Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес әзірленген және Кәсіпорын қызметінде, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары салаларда қолданылатын тыйым салулардың, шектеулердің және рұқсаттардың жүйесін білдіреді.

Стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

Стандарт мынадай міндеттерді қояды:

1) Кәсіпорын қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық пен жауапкершілікті арттыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары салаларда.

Стандарт келесі қағидаттары айқындайды:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;

3) ашықтық пен айқындық;

4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүйелі және кешенді пайдалану;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы.

Стандарт Кәсіпорын қызметкерлерінің белгіленген ережелерді қатаң сақтауын және Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Осы Стандарттағы тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар мына жағдайларда қолданылады:

- Кәсіпорынның Жарғылық қызметінде көзделген функцияларды орындау кезінде;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

- Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде.

Стандарттың талаптарын орындау Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Стандарттың 8-тармағына сәйкес талаптарының сақталуына бақылау жасау Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Стандарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әрбір Кәсіпорын қызметкері жеке жауапкершілікке тартылады.

Стандарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік немесе материалдық жауапкершілік Кәсіпорын басшысының шешімімен белгіленеді.

Стандарттың сақталуы (немесе сақталмауы) туралы ақпарат Кәсіпорын қызметкерлерін аттестаттау және олардың қызметінің тиімділігін бағалау кезінде ескеріледі.

Қорытындылай келе Стандарттың 8-тармағын ескере отырып бөлім меңгерушілеріне Стандарттың талаптарының қатаң сақталуына бақылауды тұрақты түрде жүргізу тапсырылды.

Комплаенс-офицер



Е. Нургазиев